

**Амерханова Индира Кулатаевнаның 6D030100 – «Құқықтану»  
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу  
үшін дайындалған «Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін  
құқықтық реттеу» тақырыбына жазылған  
диссертациялық жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ПІКІРІ**

<b>Р/Н №</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Критерийлер сәйкестігі</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымы</b>
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>	<p>«Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеу» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмыс 1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына, 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қон туралы» Заңына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылды 25 мамырдағы №290 қаулысымен бекітілген «Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші қон үдерістерін реттеудің үлгілік қағидаларына» және т.б. нормативтік құқықтық актілерге сәйкес реттелеп орындалған.</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);      2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)      3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-</p>

		техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертацияның негізгі қағидаларының, нәтижелері мен корытындыларының толықтығына дәлел ретінде ізденушінің аталмыш ғылыми жұмысты орындау барысындағы жарияланған келесі еңбектерінен көруге болады. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны 17 мақалада, оның ішінде 2 мақала Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласында сапаны қамтамасызету комитеті ұсынған ғылыми басылымы, 10 мақала халықаралық тезистер материалдарында жарияланғандығынан маңыздылығының ашылғандығын байқауға болады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары. Оны зерттеу барысында алғынған нәтижелерден көруге болады.

4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындаамайды</li> </ol> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сынни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы логикалық жағынан дұрыс аяқталған және ішкі бірлігі бар кешенді еңбек болып табылады. Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі негізделген. Зерттеу мақсаты мен міндеттері қорғауға ұсынылған тұжырымдарда орынды.</p> <p>Диссертациялық жұмыста көші-қонның құқықтық болмысы, мемлекеттік заңнаманы құқықтық реттеудің теориялық негіздері, көші-қон үдерісін құқықтық реттеудің ұлттық және халықаралық тәжірибесін салыстыру және Солтүстік Қазақстан облысы мысалында ішкі көші-қон үдерісін құқықтық-ұйымдастырушылық мәселелері, халықты оңтүстік өнірлерден солтүстік өнірлерге көшіруді құқықтық реттеу тәсілдерін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар мен еліміздегі ішкі көші-қон үдерісін әкімшілік құқықтық реттеу тетіктерін қамтамасыз ету шаралары қарастырылған.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық</p>	<p>1-нәтижені жаңа деп есептеуге болады, өйткені ішкі көші-қон үдерісіне қатысты заңнамаларға зерттеу жұмыстарын журғізе отырып, ішкі көшіп-қонушылардың құқықтары мен бостандықтарын кедергісіз жүзеге асыру үшін және оларға қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіншілік беретін «Ішкі көші-қон туралы» типтік заң жобасын ұсынып отыр.</p> <p>2-нәтиже жаңа болып табылады, себебі диссидентант «Халықтың көші-қон туралы» заңына терең талдаулар жасай отырып, «мәжбүрлі көшіп-қонушы», «халықтың бірыңғай мемлекеттік тізілімі» ұғымдарына авторлық анықтамалар берген.</p>

		<p>немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>3-нәтиже жаңа болып табылады себебі, ішкі көші-қонға қатысты арнайы бағдарламаның болмауынан, «Ішкі көші-қонды дамыту және ел аумағы бойынша халықтың біркелкі қоныстану мәселелері» атты жеке бағдарламасын өзірлеу керек екендігін атап көрсеткен.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар фылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің фылыми жаңалығы ішкі көші-қон үдерісін реттеудің құқықтық мәселелеріне тікелей қатысты, атап айтқанда:</p> <p><b>1-жаңалығы.</b> Қазақстан Республикасының ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеуде Қазақстанның Оңтүстік аймақтарынан Солтүстік Қазақстанға көшірілген азаматтардың мәселелеріне жүргізілген алғашқы зерттеу жұмысы;</p> <p><b>2-жаңалығы.</b> Халқы тығыз орналасқан өнірден, халқы аз орналасқан өнірге қоныс аударған ішкі көшіп-қонушылардың орналасуын құқықтық реттеу барысында бейімдеу мен орналастыру үдерістеріне арнайы көніл бөлу қажеттілігіне негізделді;</p> <p><b>3-жаңалығы.</b> Ішкі көші-қонды құқықтық реттеу тетіктеріндегі ақпараттық насихаттық жұмыстың құқықтық негіздерін жетілдіру анықталды;</p> <p><b>4-жаңалығы.</b> Қазақстан Республикасында, аймақтардың демографиялық және экономикалық тепе-тендігін жаксарту, білікті мамандардың ашық нарығын қалыптастыру үшін ішкі көші-қонның орналасу мәселелерін арнайы көрсету ережесі негізделді.</p> <p><b>5-жаңалығы.</b> Ішкі көші-қонға қатысты қабылданып жатқан бағдарламалардың тиімділігіне әсер ететін құқықшығармашылықтың жетілдіруді қажет ететін бағыттары нақтыланды;</p> <p><b>6-жаңалығы.</b> Көші-қон саласын реттейтін заңнамадағы кейбір ұғымдар мен санаттар ішкі көшіп-қонушылардың орналасуындағы барлық тұстарды ескермейтіні анықталды.</p>

7	Көрғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) кең</li> </ol> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>7.1 Диссертация бойынша әр қағидат дәлелденген.</p> <p>Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері (<a href="http://www.stat.gov.kz">www.stat.gov.kz</a>), ішкі көші-қон мәселесіне байланысты статистикалық материалдары сарапанып, Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарымен жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың қорытындылары жасалған.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыс тривиалды болып табылмайды.</p> <p>7.3 «Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеу» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысты толық жаңа деп есептеуге болады, себебі антиплагиат жүйесіндегі тексеру көрсеткіші 87%.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмыста барлығы дәлелденіп жазылған.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті/жеткіліксіз	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация бойынша ұсынылған тұжырымдар толықтай дәлелденген, ішкі көші-қон бағытындағы іс-шараларды жүйелі іске асыру үшін зерттеу жұмысы жүргізілген. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері мен ішкі көші-қон мәселесіне байланысты статистикалық материалдары сараланып, Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарымен жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың қорытындылары жасалған.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Амерханова Индира Құлатаевнаның «Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үдерісін құқықтық реттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Академиялық дәрежені тағайындау ережесінің» 2 бөлімінде көрсетілген талаптарына жауап береді, 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Ресми рецензент,  
Қазақстан Республикасының Конституциялық  
Кеңесінің мүшесі,  
зан ғылымдарының докторы, профессор

Y. Шапак

Кодын распақсайын  
Билем 70 наука М.  
Шапак

